

«№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

№3 хаттама

Қандыағаш қаласы

2024 жыл 06 желтоқсан

Күн тәртібінде:

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2024 жылдың 2 желтоқсан күнгі қорытынды нәтижесі

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары Тулебаева Л.Ж сөз алды. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсанындағы №486 бұйрығына сәйкес жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысын талдау жөнінде мынадай кемшіліктер анықталды. Өлшемшарттың 9.3 тарауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1- қосымшасының 2 – тарауының 4- тармағының 4- тармақшасының талаптарына сәйкес келмейді, Білім беру ұйымы әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға сәйкес мәлімет ұсынылмағандықтан, педагогтердің білімі, біліктілігі, біліктілік санатын, біліктілік арттыру курсынан өткен мерзімін, жыл сайын медициналық зерттеп-қараудан өтуін анықтау мүмкін болмады деп берілген. Педагогтер туралы жалпы мәлімет көрсетілген 2-қосымша ұсынылмаған. Бұл кестеде тәрбиешілердің санаты, еңбек өтілі, білім жетілдіру курсы, медициналық тексерістен өтілуі қамтылуы тиіс. Салынбау себебін тексеру барысында бұл кесте соңғы үш жылға дайындалғаны анықталды. Алайда сайтқа 2-қосымша папкасына басқа құжат түсіп кеткен. Бұл мәлімет сканерленіп папкаға жинақталған. Бұл туралы комиссия төрағасына түсіндіріліп, құжат белгіленген уақытқа дейін жүктелуі қажет. Сонымен қатар Өлшемшарттың 11.1 тарауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» № 348 бұйрығына 1-қосымшасы 4-тарауы 25-тармағының талабына сәйкес келмейді, 2024-2025 оқу жылында әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшасына сәйкес толтырылмаған, мектепалды сыныбы бойынша жас топтары ұсынылмаған. Мектеп тәрбиеленушілерінің контингентінің тізімі ұсынылмаған деген кемшілік айтылды. Бұл мәлімет өлшемшарттардың 3-қосымшасымен беріледі. Сайтқа соңғы үш жылдық контингент салынған. Жіберілген қателік: 3-қосымшаның екі графасы (баланың жасы мен ерекшелігі көрсетілетін) кестеге түспей қалған. Бұл кемшілік сол күні комиссия төрағасына түсіндірілді, кемшілік жөнделуі керек, кесте қайта толықтырылып, жүктеуге дайындап қойыңыздар.
2. Күн тәртібінде мәселе жөнінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сидағалиева А.С сөз алды. Өлшемшарттың 12.1 тарауы бойынша: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының

3-қосымша 3-тарауы 40-41- тармақтары, 4-қосымшасы 3-тарауы 30-31-тармақтарына сәйкес келмейді, 2024-2025 оқу жылына құрылған оқу жұмыс жоспарында 7-9 сыныптар аралығында білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің комбинациясын жоспарлауда қателіктер кеткен. Талдау барысында ҰОЖ вариативтік компонентте элективті курстардың пән атаулары көрсетілген. Негізінде курс атаулары бар, бірақ жазылмаған. 9-сыныпта элективті курсқа бөлінген 1 сағатының пәні көрсетілмей қалған. Алдағы уақытта кемшіліктерді жою мақсатында жұмыстар жүргізілу керек.

Өлшемшарттың 12.7 тарауы бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2 -қосымшасы 3-тарауы 29- тармағының, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 3-қосымшасы 3- тарауы 42-тармағының, 4-қосымшасы 3-тарауы 32-тармағының апталық оқу жүктемесі ҰОЖ-мен сәйкес келмейді. 2024-2025 оқу жылында «Физикадан есептерді шешу әдістері», «Физикалық есептерді шешу технологиялары» элективті курсы «Физика в задачах», «Ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі Қазақстан тарихы», «История Казахстана в лицах» деп түсінік хатта жазылған, бірақ оқу жоспарында курс тақырыптары жазылмаған. «bilimclass.kz» электронды журналында «Қосымша білім беру» бөлімі деп бөлінбеген. Алдағы уақытқа осы мәселе бойынша жоспар құрылып, қателіктерді жою мақсатында қосымша білім беру педагогы жұмыстансын. Өлшемшарттың 12.9 тарауы бойынша Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №365 бұйрығының 3-қосымшасы 4-тарауы 57, 60- тармақтары, 4-қосымшасы 4-тарауы 51, 54 тармақтарының талаптарына сәйкес келмейді, қазақ тілінен 11 «А» сыныптың қорытынды хаттамасы ұсынылмаған делінген. Алайда сайтқа жүктелген уақытта барлық хаттама толығымен жүктелініп, сканерлеп салынғандығын мәлімдеймін. Қорытынды бағалардың хаттамасында «Алгебра және анализ бастамалары » пәнінен 11 «А» сыныбында Т.Ж.Бисенғалиева, 11 «Ә» сыныбында К.А.Хамиттің қолдары қойылмаған делінген, алайда сайтқа жүктелінді, сканерлеген уақытта аталған пән мұғалімдерінің қолы көрінбей қалған. Кемшіліктер жойылып сайтқа қайта жүктеліну жұмыстарын қолға аламыз. Өлшемшарттың 12.9 тарауы бойынша: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының 2-қосымшасы 4-тарауы 57, 59, 60-тармақтары, 4-қосымшасы 4-тарауы 52, 53, 54- тарматарының талаптарына сәйкес келмейді, 2023-2024 оқу жылының 1-тоқсанында 5 «а» класында 27.20.2023ж.-қазақ тілі, 23.10.2023ж.-қазақ әдебиеті; 5 «в» класында 27.10.2023ж.-жаратылыстану, 6 «а» класында 27.10.2023ж. – орыс тілі мен әдебиеті; 6 «ә» класында 23.10.2023ж.-жаратылыстану; 6 «ә» класында 27.10.2023ж. – орыс тілі мен әдебиеті; 2 тоқсанында 8 «а» класында 25.12.2023ж. -география пәндерінен ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілген. Алдағы уақытта кемшілікті жою мақсатына жоспар құрып, отырыс ұйымдастырылады. Пән мұғалімдеріне түсіндірме жұмыстарын жүргіземін.

3. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.С.Төлемісова сөз алды.

Өлшемшарттың 12.8 тарауы бойынша :Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарауы 25-тармағына, 3-қосымшасы 4-тарауы 56-тармағының 6-тармақшасына, 4-қосымшасы 50-тармағының талаптарына сәйкес келмейді, 2024-2025 оқу жылында 5-8 сыныптар аралығында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы денешынықтыру пәніне кіріктіріліп жүргізілмеген. 2024-2025 оқу жылында 5-8 сыныптар аралығында "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы уақытында оқу процесі кезінде жүйелі жүргізіліп отыр, пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары, ұзақ мерзімді жоспарлары тексерілді. Зерделеу нәтижесінде 2024-2025 оқу жылындағы қыркүйек-қазан айлары бойынша 5 «А»; 6 «А»; , 9 «Г» сыныптары және 6 «Г» сыныбы бойынша (8 сағат) ; 7 «А» сыныбы бойынша (9 сағат) күнтізбелік-тақырыптық жоспарында денешынықтыру пәніне кіріктіріліп жүргізілмегендігі анықталды. Алдағы уақытта пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларына денешынықтыру пәніне кіріктіріліп жүргізілу жұмыстарын қайта жүктеу қажет. Өлшемшарттың 12.9 тарауы бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарауы 26-тармағының, 3-қосымшасы 2-тарауы 38-тармақтың талаптарына сәйкес келмейді, 3А, 5 А, 5 Б, 6 Ә, 6 В, 7 Б сыныптарында қыркүйек айында «Жолда жүру ережелері» оқу курсы жүргізілмеген деп көрсетілген. Зерделеу барысында 2024-2025 оқу жылында 3 «А»; 5 «А»; 5 «Б»; 6 «Ә»; 6 «В»; 7 «Б» сыныптарында «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы қыркүйек айларында жүргізілмеген деп берілген, алайда талдау нәтижесінде аталған сыныптарда «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы жоспарланып, жүйелі түрде жүргізілген, бірақ электронды журнал «BilimClass» қыркүйек айлары бойынша енгізілмей қалған. Қазіргі таңда кемшіліктермен жұмыстану керек.

4. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың ғылыми әдістемелік жөніндегі орынбасары Ибайдаева Б.А сөз алды. Өлшемшарттың 12.6 тарауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының 2-қосымшасы 1-тарауы 4-тармағына, 4-тарауы 45-тармағына, 3-қосымшасы 4-тарауы 61-тармағына, 4-қосымшасы 4-тарауы 55-тармағына сәйкес келмейді, 2024-2025 оқу жылы ерекше білім беру қажеттілігі бар 15 білім алушының оқу жоспарлары, ПМПК және ВКК құжаттары сайтқа енгізілген, дегенмен де білім алушылардың оқу жұмыс жоспарлары талапқа сәйкес құрылмаған деп берілген. Көрсетілген кемшілікті анықтау барысында биылғы оқу жылы электронды журналға ерекше білімді қажет ететін оқушыларға журналды бөлек арнап толтырылды. Себебі. Bilimclass жауапты мамандары ЕББҚ оқушыларды біріктіріп жазуымызды сұрағанда бөлек арналады. Сол КТП салынып толтырылады дегендіктен, солай жасалды. Сол себепті тексеру барысында ЕББҚ оқушының жалпы сыныптан алшақтатып бөлек бағдарламамен оқытқандай болып тұрмыз. Бірақ оқу жоспарында ерекшелік жоқ. Яғни, ол оқушы сол кластың жалпы бағдарламасымен оқып, тек жеңілдетілген тапсырмалар берілді. Оқу жоспарындағы пәндер де бірдей. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін олардың білім алуына, даму бұзушылықтарын түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасалған. Сыныптан оқшауланбай бірге оқытылып жатыр. Педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу бұйрықтары бар, әр балаға комиссия мүшелері бекітілген, хаттамалары уақытылы толтырылып отыр, енді сол бойынша құжаттар сайтқа қайта жүктелініп, кемшіліктер жойылу керек. Өлшемшарттың 12.10 тарауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №348 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарауы 27- тармағының, 3-қосымшасы 2-тарауы 39-тармағының, 4-қосымшасы 2-тарауы 29-тармағының талаптарына сәйкес келмейді, 8 педагог соңғы 3 жылда біліктілігін арттыру курстарынан өтпеген: Жумаханқызы Жанара, Аманияз Алия Төлегенқызы (орыс тілі мен әдебиеті), Бисеналин Жасулан Бекболатұлы, Ильясова Бакитгуль Ажмагамбетовна, Жанғылыш Айжан Зейнуллақызы, Садуакасова Гульзат Куандықовна, Медеубаев Нурлан Тулепбергенович, Нилова Елена Ивановна; 2024 жылдың желтоқсан айында өткізілетін курсқа сұраныс беріледі.

2024 жылдың қыркүйек- қазан айларында біліктілік арттыру курсы болмағандықтан желтоқсан айында болатын курсқа тіркелулеріңіз қажет.

5. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры С.К Бердибеков түйінді сөз алды. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша Нұсқаулықтың» 4-тарау, 74-тармағына сәйкес, білім беру ұйымының жалпы балы 26,5 балл құрап отыр. Сол себепті қорытынды нәтижесінде кемшіліктер мен ескертулер берілді. Сол кемшіліктерді жою бойынша мерзімін көрсетіп, жоспар құрылу керек және сол кемшіліктер табылған өлшемшарттар бойынша жауапты мамандар бекітіліп жұмыстану қажет. Өлшемшарттарға сәйкес табылған кемшіліктері бар сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері әр пункт бойынша жұмыстаныңыздар. Кемшіліктерді анықтап, зерделеу жұмыстарын жүргізу барысында жауапты мамандармен бірлесе отырып жойылу қажет. Сайтқа құжаттар жөнделіп берілген мерзім ішінде қайта жүктеліп салыну қажет. Өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруда қате кеткен қосымшаларға сәйкес жұмыстану қажет.

Қаулы:

1. Мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша кемшіліктерді жою жоспары құрылсын.
2. Өзін-өзі қайта бағалау 2025 жылдың 5 наурызы күніне белгіленсін.
3. Өзін-өзі қайта бағалау жұмыстарын жүргізуге мектепшілік комиссия құрылып, бекітілсін.

Комиссия құрамы төмендегідей құрамда бекітілсін:

Төраға: С.К.Бердибеков-Мектеп директоры

Мүшелері А.С.Сидағалиева- Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Л.Ж. Тулебаева- Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары

Б.С.Төлемісова - Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Б.А. Ибайдаева -Директордың ғылыми әдістемелік жөніндегі орынбасары

У.У. Ахметова - Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары

Кенес төрағасы:

Хатшы:

С.К.Бердибеков

Г.С.Ермекбаева

